

ӘДІСТЕМЕЛІК БЮЛЛЕТЕНЬ

Жалпы білім беру пәндерін жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша әдіс –тәсілдерді қолдану



Білім мазмұнын жаңарту жағдайында физика сабақтарындағы педагогикалық әдіс - тәсілдер

Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты.

Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «ХХІ ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі идеясының бірі педагогикалық тәсілдер арқылы оқушылардың өз бетімен білім алуына қызығушылығын арттырудың мүмкіндіктері мол.

Сабақты жоспарлау барысында назар аудару қажет ететін қаламдар келесідей:

- ең бірінші оқу мақсаттарын таңдау;
- сабақ тақырыбын анықтау;
- сабақ мақсатын белгілеу;
- бағалау критерийлерін дайындау;
- оқу жоспарына және ресурстарға сүйене отырып, табысты сабақты жоспарлау;

Оқушылардың сабақтағы іс-әрекетін сабақтың алға қойылған мақсатына қол жеткізетіндей етіп жоспарлау қажет.

Сабақта жоспарлау барысында оқушылардың қызығушылықтарын арттыру үшін, бірінші белсенді оқыту түрлеріне назар аудару қажет. Белсенді оқыту түрлеріне төмендегілерді жатқыза аламыз:

1. Нұсқау беру және айту;
2. Көрсету және модельдеу;
3. Түсіндіру және сипаттау;
4. Сұрақ қою және талқылау;
5. Зерделеу және зерттеу;
6. Бекіту және қолданғысқа енгізу;
7. Рефлексия және бағамдау;
8. Қорытынды шығару және есте сақтау.

Физика пәні оқытушысы Досупова М.Т.



Математика сабақтарындағы жаңартылған білім берудің педагогикалық әдіс тәсілдері

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасынан күтілетін нәтижелер оқушылардың қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел — уәждерін нанымды жеткізе білетін, сенімді сыни пікір — көзқарастары жүйелі дамыған, қазақ, орыс тілдерін өз деңгейінде меңгерумен қатар, сандық технологияларда құзырлық танытатын оқушы ретінде қалыптасуын қамтиды Осындай нәтижеге қол жеткізу үшін мен де деңгейлік курсынан алған білімдерімді іс-тәжірибемде қолданамын.

Сабақтарымда бұрын жиі қолданбаған топқа бөлудің әртүрлі әдістерін қолданамын, бұл жаңалық оқушыларыма өте ұнады. Жақсы қарым — қатынастардың кілті өзара түсіністік пен бірлескен жұмыста жататындығын ұғынып, «Бәріміз үшін біріміз, біріміз үшін бәріміз» деген ұранды басшылыққа алды. алгебра, геометрия сабақтарында келесі тәсілдерді қолданған кезде оқушылардың белсенділігі артып, сұрақ қою және олардың жауаптарына қарай әрекет етулері жақсара түскендігі анықталды.

- Студенттердің идеяларын зерттеу үшін кейбір «ашық» сұрақтар пайдаландым.
- Студенттердің ойлары мен сөздері арқылы білімін көрсету кезінде «мүмкін», «егер», «бәлкім» деген сияқты сөздерді қолданым
- оқушылардың материалды өңдеуіне және өз көзқарастарын білдіруіне ықпал жасау арқылы, мысалы, «Сіз бұл туралы қалай білдіңіз?», «Неліктен?», «Сіздің тағы бірдеме айтқыңыз келе ме?» деген сұрақтарға жауап алу арқылы ойлаудың жоғарғы сатысына шығуға көмектестім.

Математика саласындағы тақырыпты зерделеу міндеті мен мақсатын оқушылардың түсінуі үшін, ауқымды талқылау пайдаланылды. Студенттердің жауабын олардың білім деңгейлерін тексеру үшін ғана емес, оларға өз ойларын анық жеткізуге, дамытуға және кеңейтуге мүмкіндік беру үшін де пайдаланады. Олар мақсатына қаншалықты жетті, олар нені дұрыс жасайтынын, ал нені дұрыс жасамайтынын өздеріне бағалау жасау арқылы анықтап алды. Мен де оқыту тәжірибемде жетістіктерге жету жолдарын қарастырамын. Студенттер өз пікірлерін, көзқарастарын еркін және ерікті түрде білдірсе екен деп ойлаймын. Тек білдіру есеп жолдарын ғана түсіну емес ол адам өміріндегі керексіз пән емес, математика пәні өмірдің қай саласында қажетті екендігі айтылады. Сонымен бірге өз пікірлерін дәлелдей алатын және оны іс жүзінде де асыра алатын тұлға болып қалыптаса алса, онда менің де сыни тұрғыдан ойлауым биік мақсатқа ұмтылғаны болмақ. Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние — жекелеген студенттердің тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, оқушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы, сондай-ақ кейбір өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі Ұлы ағылшын ағартушысы Уильям Уарт: «Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады» деген екен. Қазіргі таңда мұғалімдер алдында білім жүйесін, заман талабына сай үйлестіре, жаңа үлгіде жүргізу міндеті туындап, білімге бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылууда. Тәжірибемде өзгеріс енгізу арқылы менің де оқушымен қарым-қатынас жасауым жеңілдеді. Студенттер маған өз ойын ашық айтып, мен де оларға серіктес ретінде сеніммен қарауды үйрендім. Балалар ішкі толғанастарын, сабақтан алған әсерлерін қымсынбай жеткізуді әдетке айналдырды. Әрбір сабақ сайын олардың үнін біліп, олардың ұсыныстарына құлақ асуды мен де үйрендім.

Талқылау кезінде олардың тапсырған жұмыс туралы пікірін жиі талқылауға тырысатынын байқалдым. Олар жалпы «Бұндай бағалаумен келіспеймін» дейді, себебі өлшемдердің қандай екенін біледі. Олар теріс пікірге қарсы шыға алады және меніңше олар өздері тапсырған жұмыстың құндылығы туралы ашық диалог жүргізу қабілетіне ие болды..

Математика пәні мұғалімі Жумадилова Ж.Ш.

Жалпы білім беру пәндерінің бірлестігі